

1. 10 тақырып. АЛЖИР лагері мен тұтқындарының тарихы.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Қазақстан территориясындағы лагерлердің құрылу тарихына талдау жасай алу қабілетін арттыру. Лагерлердің құрылымы мен қызметі туралы өзіндік көзқарасын, ой-пікірін дәлелді жеткізу.

3. Лекция мазмұны. А.Л.Ж.И.Р- (орыс.Акмолинский Лагерь Жён Изменников Родины - Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері) - лагері, кейін баршаның аузында АЛЖИР аталып кеткен азап орталығында 20 мыңға дейін нәзік жандар қамауда болған.

Қарағанды лагерінің 17-ші бөлімшесінің артынан 26-шы нүкте болып құрылған осынау тозақ орталығында небір ел жайсандарының зайыптары, қыздары мен қарындастары жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті.

30-жылдары «отанына опасыздық жасады» деген желеумен сотталған кісілердің жарларын қамауда ұстайтын лагерьлер ашылды. «Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері» Қарағанды лагеріне қарасты пайда болды.

«Алжир»Сталиннің соқыр саясатымен халық жауы деп жала жабылып, жер айдалып, жер жасталған ұлтын сүйген біртуар боздақтардың жесірлері камалған түрме. Мұнда әр жыл сайын 20 мыңнан астам отырған. АЛЖИР- Акмолинский Лагерь Жён Изменников Родины, оны қазақ тілінде тарқатып айтқанда «Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагері» деген сөз болып шығады. Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері), кейін баршаның аузында АЛЖИР аталып кеткен.

Бұл шифрограммаға ГУЛАГ бастығы Берман қол қойғанмен, оның әміршісі – сол кезеңдегі НКВД бастығы Ежов болды. Әйелдерді ауруы да, екіқабаттығы да, сәбилі болуы да құтқара алмады. Тіпті, «отанын сатқандар» делінген қара күйе жағылған адамдардың бұрынғы әйелдері де тұзаққа ілікті. Өкіметтің пайымдауынша, әйелдер күйеулерінің көзқарастарын қолдайды, сондықтан олар да – қауіпті адамда.

Алжир лагері 30 мың га жерді алып жатты. Оның Қарағанды , Ақмола өңірінде бірнеше бөлімшелері болды. Ең сұмдығы – мұнда бойына нәресте біткен аналарға да мейірімділік жасалмады. Нәтижесінде темір тордың ар жағында 1 мың 507 нәресте дүниеге келіп, олардың басым көпшілігі аштық пен суықтың құрбаны болды.

Ең сұмдығы – мұнда бойына нәресте біткен аналарға да мейірімділік жасалмады. Нәтижесінде темір тордың ар жағында 1 мың 507 нәресте дүниеге келіп, олардың басым көпшілігі аштық пен суықтың құрбаны болды. Ол Қарағанды лагерінің ("Карлаг") 26 бөлімшесі ретінде қазіргі Астана қаласының оңт. батысында , Төңкеріс (Малиновка) елді мекенінде КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының (НКВД) 1937 ж. 5 тамыздағы 00486 бұйрығы негізінде құрылған.

КСРО ОАК-нің 1934 ж. 8 маусымдағы қаулысына сәйкес "отанын сатқандардың" отбасы мүшелеріне 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе 5 жылғаСібірдің аудандарына жер аудару жазасы берілген . Алжир лагері 30 мың га жерді алып жатты. Оның Қарағанды , Ақмола өңірінде бірнеше бөлімшелері болды. Алжир тұтқындары егін екті , мал бақты, құрылыс жұмыстарымен айналысты.

Алжир 1950 жылдың басында таратылып, оның тұтқындары басқа лагерге ауыстырылды.,мерзімін өтегендер босатылды. Бірақ 1956-57 ж. Саяси репрессия құрбандары ақтала бастаған кезге дейін олардың көпшілігі тұрған жерлеріне қайтып оралуға құқы болмады. Алжир тек 80-жылдардың соңында ғана ашық айтылып ,

жазыла бастады. Ол жөнінде деректі «АЛЖИР» фильмі түсіріліп, «Кебенек киген арулар» пьесасы жазылған.

Ұлы Отан соғысы жылдары Алжирде 8 мыңнан астам тұтқын әйел ұсталды. Лагерде КСРО мемл. Басшыларының, әскери қолбасшылардың әйелдері мен жақын туыстары, Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары, жақын туыстары жапа шекті. Онда маршал М.Н. Тухачевскийдің қарындасы Е.Н. Тухачевская, А.С. Енукидзенің әйелі мен қызы, С. Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам, Б. Майлиннің әйелі Күнжамал, Т. Рысқұловтың әйелі Әзиза, С.Қожановтың әйелі Күләндам, С. Мендешовтың әйелі Рәзия, Т. Жүргеновтың әйелі Дәмеш, Н.Нұрмақовтың әйелі Зүпнүн, С.Асфендияровтың әйелі Рабиға Майнұр Сармолдаева, С. Есқараев әйелі Мария Есқараева және т.б. көптеген қазақ азаматтарының әйелдері, аяулы аналар «жазасын өтеді». Сонымен қатар Сағадат Таштитова, Шәкітай Тәтімова, Айша Қабылова, Кира Нұрмағамбетова (лагерьде атылды), Жанбике Шанина, Хадиша Мусина, Сақыпжамал Назарова (Зарап Темірбековтың әйелі), Уәзипа Күленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінәлина, Баршын Қалменова, Мәдина Оразова, Мәрияш Есенгелдина т.б. көптеген қазақ азаматтарының әйелдері, аяулы аналар «жазасын» өтеді.

Алжир ерекше жағдайдағы лагерь болды: күшейтілген күзет, қатаң тәртіп пен субординация, жоғары тұрған ұйымдардың бұйрығын қалтқысыз орындау, т.б. 4 жастан асқан балалар анасынан ажыратылып, балалар үйіне жіберілді.

Бұл лагерьге Сталиндік қуғын-сүргінге ұшырағандардың әйелдері мен туған-туыстары қамалды. Осынау сегіз мың әйелдің бар айытары - «халық жауы» атанған күйеулері мен туыстарынан бас тартпағандығы еді. ГУЛАГ лагері Совет Одағының түкпір-түкпірінде қаптап кетті. «АЛЖИР» де жер бетіндегі сондай тозақтың бірі болатын. Кейін лагерь өз алдына ауыл шаруашылық өндірісі, шеберханасы мен тігін фабрикасы бар сан-салалы шаруашылыққа айналды. Олар мал бақты, бақшада жұмыс істеді, қыркыншы жылдары майдандағы әскерге киімдер тікті, қамыс шапты. Олардың көбі бұрын қол жұмысына араласпаған зиялы қауым отбасынан шыққан адамдар еді. Түрме қапасы мен қыстың шыңылтыр аязы, аштық сияқты нәубеттермен қатар, аш-арық адамдарға талай ауру жабысты. Қыста өлген адамдарды жерлеу мүмкін болмады. Тоңып қалың қар көбесі сөгіліп, көктем шыққанша, өліктерді сарайға ұстап, жер жібiгеннен кейiн жалпы қабiрге тастай салды. Сөйтiп, Қарағанды лагерiнiң 26-нүктесi болып құрылған осынау тозақ орталығында 20 мыңдай нәзiк жандар қамуда отырып, жазықсыздан-жазықсыз жапа шектi.

4. Оқытудың техникалық құралдары: глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)

1-деңгейдің сұрақтары

1. «Алжир» - лагері өз сөзіңізбен айтыңыз
2. Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагерінің құрылу тарихын талқылаңыз
3. АЛЖИР лагері мен тұтқындарының тарихын баяндаңыз

2-деңгейдің сұрақтары

1. «Гулаг» пен «Алжир» - лагерінің айырмашылығын түсіндіріңіз
2. «Степлаг» пен «Алжир» - лагерінің айырмашылығын түсіндіріңіз

3. «Алжир » пен «Қарлаг» - лагерінің айырмашылығын түсіндіріңіз

3-деңгейдің сұрақтары

1. Сталиндік тоталитаризмнің тереңдеп нығаюын сыни бағалаңыз

2. XX ғ. 1920-1930 жж. халық ағартудың ұлттық жүйесін жасауға интеллигенцияның қосқан үлесін шешімін табыңыз

3. ЧСИР – Отанға опасыздық жасағандар отбасыларының мүшелеріне арналған лагерьге баға беріңіз

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагерінің құрылу тарихы.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.ISBN 9965-893-73-Х

2. Тасымбеков А., Жан даусы,АЛЖИР архипелагы, А., 1994;Дильманов С., Кузнецова Е., КарЛАГ,Ф.,1997.

3. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5.

5.Нұрсерік Жолбарыс. Мақала. Қасірет алаңы. Жезқазған қаласы мұрағатының деректері негізінде жазылған. <https://baq.kz/news/ruhaniyat-kainari/kasiret-alani-14594>

6.«Социологические исследования», 1991, № 6, с.10-11. «Аргументы и факты» газеті.

7.«Қазақ Совет Энциклопедиясы», Алматы, 1972, 20-бет